

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ПЕН ӘДІСТЕРДІҢ РЕТТЕУШІСІ РЕТІНДЕ

*Серикбаева С.С., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының
аға оқытушысы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Жаһандық терроризм қауіпі азаматтық бостандықтар мен экстремизмге қарсы күрес шеңбері арасындағы өзара теңгерімді іздеуде маңызды мәселеге айналып отыр. Бүгінгі күндегі әлемді жаулап үрей туғызып отырған қауіпті сейірту мен жоюдағы «Терроризммен күрес» террористермен байланысы бар деген адамдарды сезіктілер ретінде ұзақ уақыт мерзімдерде қамауға алып Женева Конвенциясымен қарастырылған адам құқықтарының қорғалуы мен сақталуына қайшы келіп отырғанын білеміз және осы жағдай қоғамдық пікір сайысының кең ауқымда таралуына бастама болды.

Соңғы кезеңдердегі халықаралық терроризм ауқымды түрде кең таралуы әлемнің көптеген елдері алдында ұлттық терроризмге қарсы жүйелердің терроризмге қарсы іс-қимыл қадамдарын әзірлеу қажеттілігін нақтылай түсті. Ұлттық терроризмге қарсы жүйелер ретінде мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың сондай-ақ, азаматтық қоғам және оның институттарының террористік қауіп-қатерлерді азайтуға бағытталған заңнамалық базалары мен іс-шараларының жиынтығын түсіндіреді.

«Қазір халықаралық терроризм басқаша белең алды. Адамзатқа қарсы лаңкестік актілер жиілеп кетті. Онымен күресу – әлемдік қауымдастықтың міндеті. Қоғамның белгілі де ықпалды өкілдері, дін қайраткерлері мен парламентарилер терроризмге қарсы жауапкершілікті жауапкершілігіне алуы керек» -деп айтылған Мемлекет басшысының баяндамасында.[1]

Еліміздің стратегиялық бағдарламасында Елбасы «Ұлт жоспары – азаматтық қоғамды ілгерілету жолы» деп атап көрсеткен болатын. Дүниежүзіне төнген қатерлі қауіптердің ең бастысын қазіргі уақытта халықаралық терроризм алып отыр. Қазіргі терроризм «тек менікі ғана дұрыс» деген бүгінгі әлімжеттілік жасаушылардың ең күшті қаруы сияқты. Әлімжеттілік жасаушылардың қолдаушы күшін түсінбеу терроризмге қарсы іс-қимылды қиындата түсуде. Қолдаушы күштердің себеп-салдарын түсінген жағдайда ғана ұлт қауіпсіздігіне төнген қауіптерді женудің жолдарын айқындауға мүмкіндік туады немесе жүзеге асырылады деуге болады. Мұндағы маңызды шарт – азаматтық қоғам бүтіндігін қалыптастыру.

Азаматтық қоғам бір мезетте өздігінен қалыптасатын қоғам емес. Еуропа елдерінің тарихына үңілер болсақ, азаматтық қоғам екі жолмен қалыптасқан: мемлекеттің қатысуымен және мемлекеттің қатысуынсыз. Мемлекеттің қатысуымен заңдар қабылданады және жарияланып, демократиялық жүйе дамиды. Мемлекеттің қатысуынсыз қоғамдық - саяси қозғалыстар мен бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғам қалыптастыру ісіне жұмыла кіріседі. Азаматтық қоғамда жеке тұлғалар өзін-өзі таныту мүмкіндігіне ие болып, «адам – қоғам – мемлекет» үштігінің пропорционалды түрде даму үрдісін жылдамдата түседі. Мұндай үрдіс елдің экономикалық-саяси дамуы мен халықтың әл-ауқатының, мәдениеті мен сана-сезім деңгейінің артуымен бірге орнайтын құбылыс болып табылады. «Адам – қоғам – мемлекет» үштігінің дамуы азаматтардың өз жүріс - тұрысын жеке мүдделеріне негіздеп, әрбір әрекетіне жауапкершілікпен қарау санасын жетілдіре түседі.

Азаматтық қоғамның қалыптасып дамуының алғышарттарына жеке тұлғалардың меншік иесіне айналуы, азаматтардың тең құқықтылығының орнауы, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі жатады. Ал азаматтық қоғамның дамуы барысында экономика саласындағы мемлекеттік емес кәсіпорындар мен бірлестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен ұжымдық шаруашылықтар ерікті түрде бірігу мен бәсекелестік жолына аяқ басып, еркін нарықтық қатынастарға кіреді, сондай-ақ, әлеуметтік салада отбасылар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, мемлекеттік емес БАҚ-тар мен өзін-өзі басқару органдары қоғам мүддесін өркениетті жолмен ашық түрде білдіре бастайды. Сонымен қатар, саяси салада партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар демократиялық қағидаттар мен ұлт дәстүрі үшін күреске кіріседі, ал рухани салада шығармашылық топ өкілдері мен басқа да азаматтық бірлестіктер мемлекеттен және өзге де саяси құрылымдардан тәуелсіз түрде ой еркіндігін, ар-ождан мен сөз бостандығын пайдалана бастайды. Азаматтық қоғамды қалыптастыратын да, сақтап, қорғайтын да ұлт болып табылады. Ұлт қана ұлттық дәстүрдің сақталуын талап ету еркіне ие күш. Сондықтан «ұлт» ұғымын дұрыс түсінгеніміз жөн. Ғылыми әдебиеттерге сүйенер болсақ, заманауи «ұлт» сөзін түрлі мағынада қолданатын ғалымдардың екі тобы кездеседі. Ғалымдардың бірінші тобы бір мемлекет азаматтарының

жиынтығын «ұлт» деп атайды. Мұндай көзқарасқа негізделген саяси бағыт «мемлекеттік немесе азаматтық ұлтжандылық» деп аталады.

Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасады, ал өзара іс-қимыл ымыраға қол жеткізуге бағытталады. Демократиялық мемлекеттің азаматтары дербес бостандық құқығын пайдаланады, бірақ сонымен бір уақытта олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру жауапкершілігін бөліседі.

Азаматтық қоғам демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасатын ең жоғары даму деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамдағы демократиялық рәсімдер билік қызметінің сапасын бұқаралық бағалау құқығына және қоғам мүдделері үшін билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді.

Қазіргі уақыт ұлт жоспары аясында қазақстандықтар «кәсіби мемлекеттік аппарат құру», «заңның үстемдігін қамтамасыз ету», «индустрияландыру және экономикалық өсім», «біртектілік пен бірлікті қамтамасыз ету», «есеп беретін мемлекет қалыптастыру» жолында табанды еңбек етіп келеді. Бүгінгі күндегі буын өкілдерінің қолына Ұлт жоспарын жүзеге асыруға атсалысумен қатар, айтарлықтай дамыған Қазақстанды қалыптастырып, жаңарған елімізді жаңа буын өкілдеріне табыстау мүмкіндігі тиіп отыр. Аталған үрдіске қоғамның барлық мүшелері «адам – қоғам – мемлекет» көлемі шеңберінде жұмылдырылған жағдайда Ұлт жоспары өз мақсатына жетіп, азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру жолы кеңейе түспек.

Азаматтық қоғам терроризмге қарсы ауқымыды жұмыс пен әдістердің реттеушісі ретінде қарастыруда кез келген терроризмге қарсы күрес жұмыстарында адам құқығының бұзылуы мемлекеттің тұрғындарымен бақылануы тиіс, немесе осы кездегі азаматтық қоғамның рөлі өз құқығын қорғаудағы белсенділігімен көрінетіндігін айта кетуге болады. Кез келген азамат өзінің қоғамда әділдікті орнатудағы негізгі басшылық инициатива қолында екенін түсінуі тиіс. Сонда азаматтық қоғам биліктің иесі ретінде мемлекеттік институттардың әрекеттерін реттеу қызметіне араласа алады немесе атқарады десек те қателеспейміз.

Терроризмге қарсы күрес әрекеттерін жүзеге асыру кезінде кез келген азамат адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету тұрғысынан кез келген жағдайда бақылаушы болуға барлық мүмкіндіктері бар. Сондықтан да, мемлекеттік емес ұйымдарда немесе қоғамдық ұйымдарда терроризмге қарсы күрес идеологиясын анықтау, қалыптастыру және жаңғыртып отыру қажет.

Шет ел тәжірибесіне сүйенсек, терроризмге қарсы күрес жұмыстары бойынша шешімдер негізінен жоғарғы мемлекеттік дәрежеде қабылданып, әрі қарай азаматтық қоғамға әсер етумен ғана жүзеге асырылатындығын көруге болады. Бірақ, қазіргі кезеңде террорға қарсы шараларды жүзеге асыру құрылымында азаматтық қоғам рөлін кеңейту басымдылығын байқауға болады. Сондықтан да, азаматтық қоғам мемлекеттік құрылымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және үкіметтік емес ұйымдардың әрекет ету объектісі болып қана қоймай, қоғамдық тәртіпті сақтауды қолдаушы және алдын-ала терроризмге қарсы шаралардың тиімділігін арттырудағы қызметімен субъектісі ретінде де танылып отыр. Осыған орай, азаматтық қоғамның ұлттық терроризмге қарсы жүйелердегі екі жақты рөлін қарастыру ерекше маңызды болмақ.

Терроризмге қарсы саясатты дамыту төңірегінде қазіргі ұлттық терроризмге қарсы жүйелер мынадай элементтердің жиынтығынан тұрады:

- терроризмге қарсы күрес заңнамасы мен әділ сот жүйесі;
- құқық қорғау органдарының, арнайы және сол саланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі (оның ішінде барлау қызметі);
- террорға қарсы арнайы топ жұмысы;
- ұлттық терроризмге қарсы орталық құру;
- экстремизмге қарсы кешенді шаралар әзірлеу;
- террорға қарсы операцияларды әзірлеу мен өткізу;
- теракт зардаптарын жоюмен айналысатын қызмет жұмыстары;
- азаматтық қоғам институттарының қатысуы;
- терроризмге қарсы күрес жұмыстарына БАҚ жәрдемдесуі;
- қуатты материалдық-техникалық база (жаһандандырылған байланыс құралдары, компьютерлік технологиялар, жаңашыл жоғары сапалы транспорт құралдары және инфрақұрылымдық жабдықтар).

Азаматтық қоғамның екі жақты рөлі немесе ұстанымы жоғарыдағы аталған элементтердің қызметінде жүзеге асырылады. Азаматтық қоғам - мемлекет тарапынан қорғау объектісі ретінде бейтараптылық рөлін атқарса, терроризмге қарсы күрестің қатысушысы және субъектісі ретінде белсенді рөл атқарады.

Терроризмге қарсы күрес саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруда мемлекеттің орнын алғашқылардың қатарында десек, азаматтық қоғамның орны екіншілер қатарында көрініс табады. Азаматтық қоғам институттары бір жағынан терроризмге қарсы күрес төңірегінде мемлекет пен қауіпсіздік құрылымдарын терроризммен күресте көбіне адамгершілік тұрғысынан қолдап, қоғамдық жағымды пікір қалыптастыруда ғасаяси немесе саяси да емес шешім жобаларын ұсынуы мүмкін. Ал, екінші жағынан азаматтық қоғам институттары терроризмге қарсы күрес шеңберіндегі саясаттың нақты шешім шығаруы мен оның орындалуына бақылау да жасай алмайды.

Сондықтан да, мемлекеттік билік органдары терроризмге қарсы күрес саясатын жүргізу мен жүзеге асыру кезінде тең тұлғалық жағдайда өздерінің шынайы мақсаттары мен ниеттері жайлы қоғамға жария ете отырып азаматтық қоғам институттарымен өзара тығыз қарым-қатынасты ұйымдастыруы керек.

Терроризмнің алдын-алу мемлекеттің ғана міндеті емес сонымен қатар, аз дәрежеде болса да азаматтық қоғам өкілдерінің де міндеттері. Экстремизм мен терроризмнің алдын-алу еліміз үшін бейбітшілігіміз бен ынтымақтастығымыздың, экономикалық және саяси әлеуетті нығайтудағы қажеттілік ретіндегі құрал деп қарауымыз керек.

Сөзіміздің дәлелі ретінде Елордада 2016 жылы қазан айында «Нұр Отан» партиясының Орталық аппаратының партия жанындағы Құқықтық кеңесінің бастамасымен өткен «Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері: заңнамалық бастамаларды қарау» тақырыбында кеңейтілген отырысында ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңесінің басшысы Дьердь Сабо Қазақстанда Үкімет, Парламент және азаматтық қоғам терроризмге қарсы тұру мәселесіне үлкен көңіл бөлетінін айтты. «Терроризм мәселесі бүгінгі күні күллі әлемді толғандырып отыр. Террорлық актілерден қарапайым халық зардап шегуде. Қазіргі күні мемлекеттер бұл дертке қарсы тұрудың тиімді жолдарын іздестіріп жатқаны белгілі. Барлығы террорлық әрекеттен кейін емес, одан ертерек бірлесе жұмыс істеу керектігін ұғып отыр. Алдын алу шаралары - бірігіп әрекет етудің ең тиімді жолы. Осы бағытта заң да, адам құқықтары да бұзылмауын қамтамасыз ету қажет. Бізге қоғам дерті терроризммен күресуде осы екі мәселені тепе-теңдікте ұстайтын амалдарды қарастыру керек», - дейді Дьердь Сабо. Сондай-ақ, Дьердь Сабо ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттар мен адам құқықтары бюросы «Қазақстан Республикасындағы экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасына енгізілген түзетулер бойынша алдын ала қорытындымен танысып, өз ұсыныстарын жасағанын жеткізді[2].

Азаматтық қоғам терроризмге қарсы күрес туралы заң жобасын қолдайды, осының нәтижесінде, Парламент ашық пікір жүргізіп, сапалы, тиімді және өткір заң жобасын әзірлеу мақсатында жұмыс жасап, заң қабылдаған болатын. «Экстремизм және терроризммен күресте қоғамның шоғырланған позициясының маңыздылығын түсініп, Мәжіліс депутаттары бұл заң жобасының жұмысына мемлекеттік орган өкілдерін ғана емес, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми орталықтардың, бизнес қауымдастықтың, діни бірлестіктердің өкілдерін тартты», [3] - деп атап көрсетті Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин.

Терроризммен күрес мәселесінің құқықтық тұрғыдан халықаралық және мемлекет ішілік қамтылу дәрежесі болмасын қашанда қалыс қалған емес. Қазіргі уақытта терроризмге қарсы күрес және оның алдын-алу мәселелері бойынша көптеген халықаралық құқықтық құжаттар бар және олар БҰҰ кіретін мемлекеттермен ішкі заңнамалық шеңберде жүзеге асырылуда. 2006 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған «Терроризмге қарсы жаһандық стратегия» The UN Global Counter-Terrorism Strategy ең алғашқы болып мемлекеттің терроризмге қарсы күрес қызметіндегі азаматтық қоғамның маңызды рөлін мойындаған халықаралық ресми құжатты атап өтуіміз керек. Онда азаматтық қоғам терроризмге қарсы күрес бойынша қызметін әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар арқылы жүзеге асырады.

НАТО-ның терроризмге қарсы күрестегі азаматтық қоғамның рөліне қатысты негізгі бағыты одаққа мүше елдердің терроризмге қарсы күрес бойынша expertтік комиссиясының нұсқаулықтарында көрініс тапқан.

Терроризммен күрес өмірлік маңызды мәселе ретінде табысты болуы үшін мемлекет тарапынан ұзақ мерзімді міндеттеме мен халықтың белсенді қолдауын талап ететін жағдай.

Әдебиеттер тізімі:

1 «Дін терроризмге қарсы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Мәскеу. Ресей Халық достығы университеті., 07.10. 2016 ж

2 <https://egemen.kz/article/terrorizmmen-kures-turaly-zanga-ozgerister-tezirek-kabyldanuy-tiis-turysbekov>

3 Ақпарат көзі: strategy2050.kz..22.12. 2016ж

4. «Международный практикум для национальных координаторов по борьбе с терроризмом: обеспечение более согласованных усилий по борьбе с терроризмом на национальном и глобальном уровнях» Управление ООН по борьбе с наркотиками и преступностью. 2009 г

5. Панкова Л., Тарамухин Ю. Профилактика (предупреждение) экстремизма и терроризма. - М., 2010.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Сарсенбаева Д.Ж., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан Республикасының сыртқы функциялары оның Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы аумағының біртұтастығын, бөлінбейтіндігін және қол сұғылмайтындығын көздейтін қағиданы қамтамасыз етуге бағытталған қызмет саласын қамтиды. Отанымызды қорғау, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекетіміздің аса маңызды функцияларының бірі.

Басқа мемлекеттердің аумағында тұратын азаматтардың құқығын қорғау жөнінде Конституцияның 11 – бабының 2 – тармағында былай делінген: «Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді»[1].

Мемлекетіміздің маңызды сыртқы функцияларының бірі – басқа мемлекеттердің азаматтарымен және қоғамдық бірлестіктерімен біздің республика азаматтарының және қоғамдық бірлестіктерінің қарым – қатынастарын нығайтуға ықпал жасайтын саясат, экономика, мәдениет, ғылым саласындағы байланыстарды жүзеге асыру болып табылады.

Мемлекеттің сыртқы функцияларына кіреді:

1. Басқа мемлекеттер мен әлеуметтік – экономикалық, саяси, әскери және мәдени кеңістіктегі әріптестік;

2. Елді қорғау және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3. Бейбітшілік және құқық тәртібін ұстап тұру;

4. Соғыстарды болдыртпау, қарусыздандыру, ядролық және басқа жаппай қырып жою қаруын жою;

5. Халықаралық терроризммен күрес;

6. Төтенше жағдайлар мен апаттар нәтижесінде жәбір көрген тұлғаларға көмек көрсету;

7. Қазіргі замандағы глобальді мәселелерді шешудегі әріптестік [2, 77].

Мемлекеттер арасында екі жақты пайдалы қарым – қатынас қалыптастыру. Қазіргі заманда мемлекетаралық қатынасты қоғамның барлық саласын қамтуға байланыстыруға болады: біріккен өндірістер, фирмалар, ұжымдар құру, бірігіп ғылыми зерттеулер жүргізу т.б. іс – әрекеттер жасау. Бұдан мемлекеттер ұтылмайды, керісінше ұтыстары молаяды.

Мемлекеттің сыртқы функциялары оның қызметінің халықаралық аренадағы негізгі бағыттарын көрсетеді. Мемлекеттің сыртқы функциясы мемлекеттің сыртқы мәселелерін шешуге арналған, басқа мемлекеттермен қалыпты қарым - қатынасты бекіту мен ұстап тұру және сыртқы агрессия қаупінен ел қорғанысын қамтамасыз ету. Аталған екі функция мемлекеттің екі негізгі сыртқы функцияларын белгілейді. Дүниежүзіндегі қоғамдастықтың бүкіл мемлекеттермен өзара тиімді әріптестік және елді сыртқы шабуылдан қорғау.

Мемлекеттің сыртқы шабуылдан елді қорғау функциясы – оның қызметінің маңызды бағыттарын құрайды. Мемлекеттік ұйымдасқан қоғам дамуының бүкіл деңгейлерінде, сыртқы агрессорлардан ел бостандығы мен тәуелсіздігін, егемендігін және территориялық тұтастығын қорғау қажеттілігі пайда болады. Елді қорғау функциясы экономикалық, саяси, дипломатиялық және әскери тәсілдермен жүзеге асады. Бейбітшілік уақытта – бұл елдің сырттан жаулап алу қаупін басуға елді жан – жақты алдын ала дайындау.

Қазақстан Республикасының сыртқы функцияларының мақсаты – халықтың мүдделерін халықаралық аренада қорғау болып табылады. Сыртқы функцияларға мыналар жатады:

Отанды қорғау функциясы – барлық мемлекеттерге тән және ең маңызды функциялардың бірі болып саналады. Тәуелсіздікті сақтап, оның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету әрбір мемлекеттің ең негізгі функцияларына жатады. Осы мақсатта мемлекетте қарулы күштер құрылды. Әскердің